



Облыс атауы: Нұр-Сұлтан қаласы
Сот атауы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Соты (Кассациялық саты)
Жіберуші: АРГИНБАЕВ БАКЫТЖАН
АБИЛБЕКОВИЧ


ХАТ

Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.Б.Еламановқа
АЛҒЫС

Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. АЛҒЫС Н.Б.ЕЛАМАНОВҚА.docx

АРГИНБАЕВ БАКЫТЖАН АБИЛБЕКОВИЧ қол қойды



Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына

*Аргинбаев Бакытжан Абилбекович
Қызылорда қаласы.*

А Л Ғ Ы С

Құрметті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қызметкерлері!
Сіздерді келе жатқан еліміздегі заңдардың қайнар көзі «Конституция күнімен» шын жүректен құттықтаймын.

Ата Заң – азаттығымызды айқындайтын, Тәуелсіздігімізді паш ететін, Егеменді ел екенімізді танытатын, дербес мемлекеттігімізді көрсететін қастерлі құжат.

Осындай атаулы күнде әділдікті ту еткен Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.Б.Еламановқа өз атымнан шексіз, ыстық ықыласпен алғыс білдіремін.

Судья Н.Б.Еламанов азаматтық іс бойынша жинақталған құжаттарға зерттеп-зерделеу жұмыстарын жүргізіп, заңды әрі әділ түрде құқтық баға беріп, әділ сот шешімін қабылдайды.

Судья Н.Б.Еламановтың біліктілігі, парасаттылығы, жылдар бойы жинақталған кәсіби тәжірибесі мен өз қызметіне деген адалдық қасиеттері әділ сот шешімдерін қабылдауға негіз болады деп санаймын.

Судья Н.Б.Еламановқа азамат ретінде ризашылығым мен алғысым шексіз.

Қазақ даласының Үйсін, Төле мен Қазыбек билердің ізін жалғастырып, халықтың ықыласына бөленіп, батасын алып жүрген және әрқашанда әділдікті ту етіп қара қылды қақ жарған судья Н.Б.Еламанов пен барлық судьялардың абыройы асқақтап, мәртебесінің биіктерден көрініп жоғарылай беруіне және сот жүйесіндегі қызметтеріне шын жүректен сәттілік тілеймін.

*Құрметпен, алғыс білдіруші
азаматтық істер бойынша тәжірибе
жинақтаушы заңгер Аргинбаев Бакытжан Абилбекович*